

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 28 тамыздағы № 120-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) б е к і т і л с і н .

2. М е м л е к е т т і к о р г а н д а р :

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

2 8

т а м ы з д а ғ ы

№ 1 2 0 - ө ө к і м і м е н

бекітілген

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы»

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы

Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет

нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Акт нысаны	Жауапты мемлекеттік органдар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Модельдік келісімшарттарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ, ИЖТМ, Қаржымині, ЭДСМ, Т Ж М , Қоршағанортामині	2010 жылғы тамыз
2.	Стратегиялық маңызы бар жер қойнауы учаскелерінің, кен орындарының тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, МГМ	2010 жылғы тамыз
	Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде			

3.	қазақстандық қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, МГМ, Қаржымині	2010 жылғы тамыз
4.	Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, МГМ	2010 жылғы тамыз
5.	Жер қойнауы туралы геологиялық және өзге де ақпаратты жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға сақтау, жүйелеу және жинақтау үшін ақысыз беру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, МГМ	2010 жылғы тамыз
6.	Мемлекет меншігіндегі болатын геологиялық ақпаратты оқу, ғылыми, коммерциялық мақсаттарда пайдалану және геологиялық ақпаратты Қазақстан Республикасынан тысқары жерге әкету ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, МГМ	2010 жылғы тамыз
7.	Тарихи шығындарды және геологиялық ақпарат құнын айқындау ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, МГМ	2010 жылғы тамыз
8.	Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларды сатып алуға басым құқығын іске асыру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ, ИЖТМ	2010 жылғы тамыз
9.	Пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру кезінде жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ, ИЖТМ	2010 жылғы тамыз
10.	Болашақ ұрпақ мүддесінде минералдық шикізат қорларын сақтау үшін жер қойнауы учаскелерін консервациялау ережелерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, МГМ, Қоршағанортaмині	2010 жылғы тамыз
11.	Кең таралған пайдалы қазбалардың тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ	2010 жылғы тамыз
12.	Жер қойнауын пайдалану құқығын беру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ, ИЖТМ, Қоршағанортaмині, ТЖМ	2010 жылғы тамыз
13.	Қазақстан Республикасының Пайдалы қазбалар қор жөніндегі мемлекеттік комиссиясы және пайдалы қазбалар қор жөніндегі өңіраралық комиссиялар туралы ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, МГМ	2010 жылғы тамыз
14.	Республикалық және халықаралық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерінің тізбесін және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда оларды шаруашылыққа шектеп пайдаланудың ережесін, сондай-ақ экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды, республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатына жатқызылған жер қойнауы учаскелерінің тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	А Ш М , Қоршағанортaмині, ИЖТМ, МГМ, ММ	2010 жылғы тамыз
	Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тізілімін			

15.	қалыптастыру мен жүргізудің ережесін және осы тізілімге енгізу үшін оларды бағалау өлшемдерін қоса алғанда, оларды өндірушілерді бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, МГМ	2010 жылғы тамыз
16.	Келісімшарттар талаптарын орындаудың сақталуына мониторинг жүргізу мен бақылау ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ, ИЖТМ, Еңбекмині, Қоршағанортaмині, ТЖМ	2010 жылғы тамыз
17.	Пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда құрылыс салуға рұқсат беру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, МГМ, ТЖМ	2010 жылғы тамыз
18.	Жер қойнауына зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көму және сарқынды суларды ағызу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, МГМ, Қоршағанортaмині	2010 жылғы тамыз
19.	Қазақстан Республикасының кен орындарын алғашқы ашушылар туралы ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, МГМ	2010 жылғы тамыз
20.	Мұнай өндірудің және айналымының бірыңғай дерекқорын жүргізу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ	2010 жылғы тамыз
21.	Жағалау жиегінің нақты орналасқан жерін айқындау ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ, ИЖТМ	2010 жылғы тамыз
22.	Мемлекеттің басым құқығын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамын және ол туралы ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ, ИЖТМ	2010 жылғы тамыз
23.	Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстарды өткізу жөніндегі комиссияның құрамын және ол туралы ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ, ИЖТМ	2010 жылғы тамыз
24.	Жасанды аралдарды, бөгеттерді, құрылыстар мен қондырғыларды, сондай-ақ мұнай операцияларымен байланысты өзге де объектілерді құру пайдалануға беру және пайдалану қағидасын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ, ИЖТМ, Қоршағанортaмині, ТЖМ, АШМ	2010 жылғы тамыз
25.	Жер қойнауына мемлекеттік мониторингті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, МГМ	2010 жылғы тамыз
26.	Ұлттық компанияның үлестік қатысуы көзделетін келісімшарттарда ұлттық компанияның мемлекеттік мүдделерді білдіру тәртібін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ, ИЖТМ	2010 жылғы тамыз
27.	Жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу туралы есептер беру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, МГМ	2010 жылғы тамыз
28.	Теңізді тазарту жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қажетті материалдар мен заттарға қойылатын нормативтерді және талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	М Г М , Қоршағанортaмині, ТЖМ	2010 жылғы тамыз
29.			МГМ, Әділетмині, Қоршағанортaмині,	

	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар жобаларының сараптамасын жүзеге асыру ережелерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині, ЭДСМ, ИЖТМ	2010 жылғы тамыз
30.	Теңізде, ішкі су айдындарында, төтенше экологиялық жағдай аймақтарында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда мұнай операцияларын жүргізу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ, ИЖТМ, Қоршағанортaмині, ТЖМ, АШМ	2010 жылғы тамыз
31.	Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттық аумақта өндірген мұнайдың көлемі мен салмағын өлшеу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ	2010 жылғы тамыз
32.	Мұнай операцияларын жүргізген кезде ілеспе және (немесе) табиғи газ жағудың нормативтері мен көлемдерін есептеу әдістемесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ, ИЖТМ, Қоршағанортaмині, ТЖМ	2010 жылғы тамыз
33.	Пайдалы қазбалар қорларын мемлекеттік балансқа қосу және оларды мемлекеттік баланстан шығару ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, МГМ	2010 жылғы тамыз
34.	Ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат беру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ, ИЖТМ, Қоршағанортaмині, ТЖМ	2010 жылғы тамыз
35.	Кен орындарының және пайдалы қазбалар көрініс-белгілерінің мемлекеттік кадастрын жүргізу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, МГМ, Қоршағанортaмині	2010 жылғы тамыз
36.	Зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көмудің және сарқынды суларды жер қойнауына ағызудың мемлекеттік кадастрын жүргізу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қоршағанортaмині, ИЖТМ	2010 жылғы тамыз
37.	Пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансы бойынша мемлекеттік органдарға ақпарат беру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, МГМ, ЭДСМ	2010 жылғы тамыз
38.	Кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің жер қойнауын пайдаланушыларға қызмет көрсету ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ТЖМ, ИЖТМ, МГМ	2010 жылғы тамыз
39.	Жер қойнауын ұтымды пайдалану саласындағы талаптарды бұзу салдарынан келтірілген залалдың мөлшерін айқындау ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, МГМ, Қоршағанортaмині	2010 жылғы тамыз
40.	Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын беру, сондай-ақ барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, МГМ, Қоршағанортaмині	2010 жылғы тамыз
41.	Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған келісімшартты (шартты) жасасу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ,	2010 жылғы тамыз
42.	Теңіздегі ғылыми зерттеулерді жүргізу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ, ИЖТМ, Қоршағанортaмині, БҒМ	2010 жылғы тамыз

43.	Жер қойнауын пайдалану объектілерін жою және консервациялау ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	И Ж Т М , Қоршағанортaмині, МГМ	2010 жылғы тамыз
44.	Жер қойнауының жай-күйі туралы геологиялық есептілікті ұсыну нысанын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ	2010 жылғы тамыз
45.	Техногендік минералдық тізілімдердің мемлекеттік кадастрын жүргізу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	И Ж Т М , Қоршағанортaмині	2010 жылғы тамыз
46.	«Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі» деген мемлекеттік ақпараттық жүйе арқылы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, МГМ	2010 жылғы тамыз
47.	Еркін өткізу қуаты болған жағдайда магистральдық құбырлар мен темір жол эстакадалары қуаттарын пайдалану ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ, ИЖТМ, ККМ	2010 жылғы тамыз
48.	Электрондық сатып алу жүйелері жұмыстарының жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі жұмысымен қадамдастыру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ижтм, мгм	2010 жылғы тамыз
49.	Тәулігіне екі мың текше метр және одан да көп көлемдегі өндірістік-техникалық жерасты суларын пайдалы қазбаны өндірудің технологиялық схемасына сәйкес қаттарға айдау үшін оларды барлау мен өндіруге не тау-кен қазбаларын пайдалану кезінде су деңгейін төмендету мақсатында жерасты суларын өндіруге арналған рұқсатты беру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ижтм	2010 жылғы тамыз
50.	Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс шартына енгізілетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарлардағы, жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі ең аз қазақстандық қамтуды есептеу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, МГМ	2010 жылғы тамыз
51.	Жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуының жылдық, орта мерзімді, ұзақ мерзімді бағдарламаларын, сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер туралы және кадрлардағы қазақстандық қамту жөніндегі міндеттемелердің орындалуы туралы есептерін жасаудың және	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ, ижтм	

	ұсынудың нысандары мен ережесін бекіту туралы			2010 жылғы тамыз
52.	Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, келісімшартты орындау кезінде тартылған қызметкерлерді оқытуға, олардың біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға немесе құзыретті органмен келісілген мамандықтар тізбесі бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын оқытуға бағытталған шығыстар мөлшері жөніндегі міндеттемелерді орындау бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың есептерін жасаудың және ұсынудың нысандары мен ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ, ижтм, БФМ, Еңбекмині	2010 жылғы тамыз
53.	Келісімшарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті Қазақстан Республикасының аумағындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстарды айқындау ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ, ИЖТМ	2010 жылғы тамыз
54.	Келісім-шарттық аумақта немесе оның шекарасынан тыс жерде радиоактивті қалдықтарды, зиянды заттарды және сарқынды суларды көмуге арналған барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын беру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	И Ж Т М , Қоршағанортмині	2010 жылғы тамыз
55.	Өндіруші салалар қызметінің ашықтығы бастамасының талаптарына сәйкес, жер қойнауын пайдаланушының аудиторлық есептілікпен расталған есептілікті беру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, МГМ	2010 жылғы тамыз
56.	Пайдалы қазбаларды барлау мен игеру жөніндегі орталық комиссия туралы ережені бекіту және оның құрамын бекіту туралы	ИЖТМ, МГМ бұйрықтары	ИЖТМ, МГМ	2010 жылғы тамыз
57.	Жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшылық комиссия туралы ережені бекіту туралы	ИЖТМ, МГМ бұйрықтары	ИЖТМ, МГМ	2010 жылғы тамыз
58.	Пайдалы қазбаларды барлау және өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру бойынша тікелей келіссөздер жүргізуші жұмыс тобы және оның құрамы туралы ережені бекіту туралы	ИЖТМ, МГМ бұйрықтары	ИЖТМ, МГМ	2010 жылғы тамыз
59.	Keң таралған пайдалы қазбаларды барлау және игеру жөніндегі өңіраралық комиссиялар туралы ережені бекіту туралы	ИЖТМ бұйрығы	ИЖТМ	2010 жылғы тамыз
60.	Қазақстан Республикасында дамытылатын басымдыққа ие жоғары технологиялық өндірістер тізбесін бекіту туралы	ИЖТМ бұйрығы	ИЖТМ	2010 жылғы тамыз

61.	Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын беру бойынша тікелей келіссөздер жүргізуші жұмыс тобы мен оның құрамы туралы ережені бекіту туралы	ИЖТМ бұйрығы	ИЖТМ	2010 жылғы тамыз
62.	Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу және мониторинг, мұнай-газ және гидрогеологиялық ұңғымаларды консервациялау, тарату бойынша жұмыстар жүргізуге байланысты жобалау-сметалық құжаттамаға экономикалық сараптама жүргізу ережесін бекіту туралы	ИЖТМ бұйрығы	ИЖТМ, МГМ, ҚТКША	2010 жылғы тамыз
63.	Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу және мониторинг саласындағы уақыт пен бағалау нормаларын бекіту туралы	ИЖТМ бұйрығы	ИЖТМ, Еңбекмині	2010 жылғы тамыз
64.	Кадрлардағы қазақстандық қамтуды есептеудің әдістемесін бекіту туралы	Еңбекмині бұйрығы	Еңбекмині, ИЖТМ, МГМ	2010 жылғы тамыз
65.	Кадрлардағы ең аз қазақстандық қамтуды есептеу тәртібін бекіту туралы	Еңбекмині бұйрығы	Еңбекмині	2010 жылғы тамыз
66.	Қазақстандық мамандарды оқыту бойынша қажеттіліктің ең аз деңгейін есептеу әдістемесін бекіту туралы	БҒМ бұйрығы	БҒМ, ИЖТМ, МГМ	2010 жылғы тамыз
67.	Оқытылуы тиіс қызметкерлердің жалпы санына қатысты қазақстандық кадрлардың ең аз пайыздық санын есептеу ережесін бекіту туралы	БҒМ бұйрығы	БҒМ, МГМ	2010 жылғы тамыз
68.	Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс талаптарына қосу үшін оқытуға жататын персоналдың жалпы санына пайызбен алғандағы қазақстандық кадрлардың ең аз санын білім және ғылым саласындағы уәкілетті органның құзыретті органға табыс етуі туралы ережені бекіту туралы	БҒМ бұйрығы	БҒМ, МГМ, ИЖТМ	2010 жылғы тамыз

Ескертпе: **аббревиатуралардың** **толық** **жазылуы:**
ИЖТМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
ММ - Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі
МГМ - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі
БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ЭДСМ - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі
Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
ҚТКША - Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі
Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

м и н и с т р л і г і

Қоршағанортамині - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ